

Д. Қатран 

Нұр-Мүбәрак ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: k.dosymbek@gmail.com

XX ҒАСЫР БАСЫНА ТӘН МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШ ХАҚЫНДА

Мақалада 2024 жылы Алматы облысы Кеген ауданында атқарылған этноархеологиялық зерттеулер бойынша судиірменге қатысты алынған материалдар легі мен олардың нәтижесі берілген. Бұл объект алғаш рет зерттеу назарына ілініп отыр. Зерттеу Қазақстан Республикасы Орталық музейінің археология бөлімінің Жобасы аясында іске асты. Аталмыш судиірменді салу ісі II-дүниежүзілік соғыс жылдары, атап айтқанда 1940 жылдан бастап қолға алынған. Ол диірмен 2005 жылға дейін Көмірші өзенінің су күшін пайдалану арқылы жұмыс істеп келгендігі жергілікті информаторлардан анықталды. 1991-1992 жылдары судиірмен құрылысы жөнделіп, қайта жаңғыртылған-тын. Судиірменді қозғалысқа келтіру үшін сайдың жоғары жағынан 1 шақырым жерден тау бөктерін жағалата арнайы арық¹ қазылып келтірілген. Диірмен құрылысы тегіс келген ой жерде тұр. Су күшімен үнемі істеп тұрған құрылғыны тоқтату үшін судиірменге ағатын суды басқа арнаға бұру тұру қажеттілігі туындайтыны белгілі. Осы себепті тау жағалай қазылған арықтың судиірменге қарай бұрылған тұсынан 50 м-дей жоғары жерден тағы бір қосымша арық қазылған. Қосымша арық аузына бөгеу² қойылып, ол арнайы жалпақ тақтаймен бекітілген. Тақтайды ауыстырып салып отыратын арнайы қуыстары болған.

Мақалада бұған дейінгі судиірмен жайлы зерттеулер мен фотолар егжей-тегжейлі қарастырылып, зерттеу жұмысына дәйек ретінде тірек болды. Диірменшінің екі бөлмелі арнайы тұрғын үйі де салынған. Су диірмен де, үй де қазір иесіз қалып, қаңырап бос тұр. Өйткені астықтан ұн өндіретін арнайы фабрикалар елімізде көптеп салынды және оларды тоқ арқылы іске қосады, яғни, су күшін пайдаланбайтын болған. Оның сыртында ұнтақтап-ұсақтайтын тұрмыстық техника әр үйде бар деп есептейміз.

Сонымен қатар, зерттеу объектісі болып отырған өлкенің географиялық кейбір ерекшеліктері, қазақтар наным-сенімінің көріністері мен халықтық тәжірибелерінің нәтижесі мақалада көрініс тапқан. Мақала қазақ тарихы, этнографиясы мен мәдениетін зерттеушілерге пайдалы.

Түйін сөздер: дәстүр, диірмен, тас, астық, өзен, арық, бөгеу.

D. Khatran

Nur-Mubarak University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan
e-mail: k.dosymbek@gmail.com

Monument of cultural anthropology early 20th century

The article presents the results of the ethnoarchaeological research conducted in 2024 in the Kegen district of Almaty region on the water mill and its materials. This object is being studied for the first time. The research was carried out within the framework of the Project of the Department of Archaeology of the Central Museum of the Republic of Kazakhstan. The construction of the mentioned water mill was undertaken during the Second World War, namely in 1940. It was established from local informants that the mill operated using the water power of the Komirchi River until 2005. In 1991-1992, the water mill was repaired and reconstructed. To set the water mill in motion, a special ditch was dug along the mountain slope 1 km upstream of the ravine. The mill is located on a flat depression. It is known that in order to stop the device, which is constantly working with water power, it is necessary to divert the water flowing into the water mill to another channel. For this reason, another additional ditch was dug about 50 m above the point where the ditch dug along the mountainside turned towards the mill. A dam was placed at the mouth of the additional ditch, which was secured with a special flat board. There were special cavities where the board could be replaced.

The article examines in detail the previous studies and photos of the mill, which served as a basis for the research work. A two-room special residential house for the miller was also built. Both the water mill and the house are now abandoned and empty. After all, many special factories for producing flour from

¹ Арық – канава, ров

² Бөгеу – платина

grain have been built in our country, and they are powered by electricity, that is, they do not use water power. We assume that household appliances for grinding and grinding are present in every house.

In addition, some geographical features of the region that is the object of the study, manifestations of Kazakh beliefs and the results of folk practices are reflected in the article. The article is useful for researchers of Kazakh history, ethnography and culture.

Keywords: mill, stone, grain, wheat, river, ditch, dam.

Д. Катран

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан
e-mail: k.dosymbek@gmail.com

Памятник культурной антропологии начала XX века

В статье представлены результаты этноархеологического исследования, проведенного в 2024 году в Кегенском районе Алматинской области на водяной мельнице и ее материалах. Данный объект изучается впервые. Исследование было проведено в рамках проекта Отдела археологии Центрального музея Республики Казахстан. Строительство упомянутой водяной мельницы было предпринято во время Второй мировой войны, а именно в 1940 году. Из местных информаторов установлено, что мельница работала, используя силу воды реки Комирчи до 2005 года. В 1991–1992 годах водяная мельница была отремонтирована и реконструирована. Для приведения водяной мельницы в движение был вырыт специальный ров по склону горы в 1 км выше оврага. Мельница расположена на плоской впадине. Известно, что для остановки устройства, которое постоянно работает с силой воды, необходимо отвести воду, поступающую в водяную мельницу, в другой канал. По этой причине был вырыт ещё один дополнительный ров примерно на 50 м выше того места, где ров, прорытый вдоль склона горы, поворачивал к водяной мельнице. Устье дополнительного рва было укреплено специальной плоской доской, а для её замены имелись специальные углубления.

В статье подробно рассматриваются предыдущие исследования и фотографии, посвящённые водяной мельнице, которые послужили основой для исследовательской работы. Также был построен двухкомнатный жилой дом для мельника. И водяная мельница, и дом в настоящее время заброшены и пустуют. Ведь в нашей стране построено множество специальных фабрик по производству муки из зерна, работающих на электричестве, то есть не использующих энергию воды. Кроме того, мы предполагаем, что бытовые приборы для помола и размола присутствуют в каждом доме.


Кроме того, в статье отражены некоторые географические особенности региона, являющегося объектом исследования, проявления казахских верований и результаты народных практик. Статья полезна исследователям казахской истории, этнографии и культуры.

Ключевые слова: традиция, мельница, камень, зерно, река, ров, плотина.

Кіріспе

Жоба бойынша Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейінің археология бөлімі қызметкерлері қатысқан археотнграфиялық экспедицияда 2024 жылдың қазан айының 15-інен қарашаның 13-іне дейін жалғасты. Осы мерзім арасында археологиялық қазба жұмыстарымен қатар Көмірші сайының ішінде, өзен жағасында орналасқан судиірменге қатысты материалдарды жинаумен де айналыстық. Атап айтқанда, Қазіргі Кеген ауданына қарасты жол бойындағы Сарыжаз ауылынан солтүстікке қарай 22 км қашықтықта жатқан Көмір-

ші ауылында болып, су диірменді көзбен көре отырып материалдар жинау, өлшемдерін алу, ландшафтын зерттеу қатарлы т.б. жұмыстармен шұғылдану барысында осы мақала дүниеге келді. Су диірменнің координаты 43.093132, 79.644991 нөмірімен белгілен. Көмірші ауылы бұрын Нарынқол ауданының Сарыжаз ауылына қарайтын еді. 1993 жылдан Райымбек ауданы екіге бөлініп, Нарынқол және Кеген ауданы деп аталып келсе, 2018 жылдан бастап Райымбек ауданының Сарыжаз ауылдық округіне қарайды. Судиірмен Көмірші ауылынан 5,5 шақырым мөлшерде Көмірші өзені бойында, сай ішінде сақталған.




1-сурет – Судиірмен кескіні (Суретші Нұрболат Илиясов) және фотосы (2024 жылы шілдеде автор түсірген). Фотода екіқабатты судиірмен және тау баурайынан қазылып тартылған арық қоршауы

Судиірменнің өзі 6х5 метрді құрайтын ағаштан салынған екіқабат құрылыстан және 7х5 метр болатын тұрғын үйден (саман кірпіш) тұрады. Судиірменнің кіреберіс есігі жер жағдайына, нақтырақ айтқанда үйдің тауда орналасуына, жағрафиялық ерекшелігіне сай есігі оңтүстікке қарата салынған. Ал, диірменшінің тұрғын үйінің есігі дәстүрлі түсінік бойынша шығысқа қаратыла салынған. Ол жылу мен жарық шығыстан келеді деген ежелгі таным-түсінік бойынша жасалғанын ескерген абзал (Кармышева Дж..., 1986: 116). Мәселен, «Алаш» партиясының үн-жариясы болған «Қазақ» газетіндегі суретте киіз үйдің есігі шығысқа қаратылған.

Диірмен салу II-соғыс жылдарында, дәлірек айтқанда 1940 жылдан қолға алына бастаса керек. Салғызып, жауапты болған адам Кочергин. Судиірмен 2005 жылға дейін қызмет атқарып

келген. Кочергиннен кейін Өзбек, одан Ыстыбай, одан Мұқашқа, Жәнәбілге, Жанәбілден баласы Серікке жалғасып келген. Серіктің әкесі Жанәбіл Мұқашев 1968 жылғы қаңтардан бастап істетсе, оның баласы бізге көп мәлімет берген Серік Мұқашев (1961 ж.т.) 1996 жылдан 2005 жылға дейін судиірменді жұмыстатып келген. Яғни, Жанәбіл Мұқашев 1996 ж. қайтыс болған соң әкесінің ісін баласы Серік қолына алған (АЭМ).

Судиірменді зерттеу барысында төменде келтірілген сөздер қолданылды, және ол сөздер Көмірші тұрғындарында да солай айтылады. Түсінікті болуы үшін терминдердің орыс тіліндегі баламасы берілді: *астау* – корыта; *арық* – канава, ров; *бөгеу* – завал, плотина; *науа* – корыто, лоток; *суағар* – водослив; *шығыр* – шкив, лебедка, ролик.



2-сурет – Судиірмен сызбасы (суретші Нұрболат Илиясов) және автор фотосы (2024 жыл, шілде)

Зерттеу әдістері

Судиірменді зерттеуге түздік бақылау тәжірибесі пайдаланылды. Атап айтқанда, археологиялық барлау барысында анықталып, нәтижесінде «Кеген алқабының археологиялық және этнографиялық ескерткіштері: топографиялық, мәдени-хронологиялық аспектілері және музейлендіру мәселесі» гранттық Жобасына іргелі мәселелердің бірі ретінде енген-ді. Жоба 2024 жылы қаржыланған соң объектіні зерттеу ісі қолға алынды. Мәселені айқындауда жолға қойылған негізгі жұмыс – осы судиірменді жақсы білетін информанттарды табу ісі қолға алынған еді. Ол жұмыс өз нәтижесін берді. Яғни, археоэтнологиялық зерттеу барысында этнологиялық, мәдени антропологиялық тарихи ізденістер жүргізілді. Дәлірек айтқанда Көмірші ауылының тұрғындары арасынан тікелей өз қолымен, мұрагерлік жолымен істі жалғастырған адамды табу арқылы көп дерек алынды. Судиірменді 2005 жылға дейін істетіп келген, 1961 жылы туған негізгі информантымыз Серік Мұқашевты биографиялық тәсілмен зерттеу арқылы едәуір деректерге қол жеткіздік. Салыстыру-салғастыру тәсілдері арқылы алынған деректерді сүзгіден өткізу әдіс-тәсілі қолданылды.

Алматы және Алматы облысында судиірмен салыну тарихына үңілсек төмендегі материалдарды көруге болады: 1854 жылғы көктемде М.Д.Перемышльский отряды Алматы қонысының орнына Верный бекінісін салды. 1856 жылы Верныйда Орталық Ресей губернияларынан және Воронежден келген қоныстанушылар көбейе түсіп, 1857 жылы тұңғыш судиірмені салынды (<https://ru.wikipedia.org...>). Алматы деген атау үш өзенге қатысты қойылған делінетін нұсқа бар. Яғни, Үлкен Алматы, Орта Алматы және Кіші Алматы деген өзендер бар(АЭМ).

Судиірмен жайлы тарихнама: Зерттеу объектісі болып отырған бұрынғы жарық көрген мақалалар біршама қаралды. Олардың барлығы орыс тілінде жарияланған. Мәселен, *М. Каримолданова* сияқты авторлар тобының біріккен мақаласы 2024 жылы жарияланды. Сондай-ақ, совет заманындағы судиірмендердің жай-күйі туралы еңбектер де баршылық. Солардың бірі В.С.Богданов мақаласын айтуға болады (Богданов В.С. 2018, 87). XIX ғ. соңында Семей өңірінде ірі диірмендер пайда болып, олардың саны 1911 жылы 22-ге жеткен. Ал, 1908 жылы «Семей диірмендерінің Акционерлік қоғамы» құрылып,

ол облыста өндірілетін үн өндірісін түгелдей өз қолына шоғырландырды. Акционерлік қоғам өндірген үн мен майдың ауданды бөлігі ішкі тұтынысты қамтамасыз етсе, қалған бөлігі Ресейдің ішкі өлкелеріне және шетелге де таратылатын болды (*Тургараева Г.М. 2016, 157*).

Жоғарыда келтірілген еңбектердегі судиірмендер тігінен (вертикаль) айналатын еді. Біз қарастырып отырған судиірмен тасы көлденеңінен (горизонталь) айналуымен ерекшеленеді.

Талқылау нәтижесі

Судиірменнің салына бастауы дүниежүзілік II-соғыс жылдарына, нақтырақ айтқанда 1940 жылдардан қолға алынғаны анықталды. 1991-92 жылдары судиірменді жаңғыртып қайта салған. Объектінің өлшемдері түгелдей алынды: атап айтқанда диірмен тасының жалпақтығы 110, қалыңдығы 45 см, ортасында 4 см болатын тесігі бар. Диірмен тасы пайдалану барысында (асты-үсті) 15 см желінген, яғни жұқарған. Тас желінген соң салмағы жеңілдеп, ескі саналған себепті, орнына қалыңдығы 45 немесе 35 см болатын басқа тас салынатын. Диірмен тасы орта есеппен 500 кг мөлшерінде болған. Диірмен тасын таңдаудағы басты өлшем – жоғары сапалы берік тастан жасалған болуы керек. Дәнді ұнтақтау барысындағы араласқан тас қиыршықтары диірменге тартылып алынған ұнды сүзу, екшеу кезінде алынып тасталатын. Ұнды сүзетін осы құралдың «елгезер» деген атауы бар. Көршілер кімде жақсы елеуіш барын білгендіктен сұрап алатын болған. Қолдан-қолға өтіп, үлкен сұранысқа ие болғанына сай «елгезер» аталып кетсе керек.

Құрылыстың төбе биіктігі 230 см (үй размері жоғарыда келтірілді). Су ағынмен келіп, диірменді айналдыру үшін өзеннің жоғарғы жағынан арнайы арық қазып тартқан. Ол арық диірменнен жоғарыда 1 шақырымда негізгі өзеннен қазылып, тартылған. Арықпен келген су ұзақтығы 15 метрлік, жалпы биіктігі 2,5 м болатын көлбеу орналасқан арнайы науадан³ ағынмен құлап келу арқылы диірмен қалағын айналдырып, іске қосылған. Дәстүрлі ортада диірмен тасын сағат тіліне қарсы бағытта айнадыратын болған. Арық суы диірменге қарай бұрылған жерден жоғары 50 м жерде қосымша арық қазылған. Оның мақсаты – бөгеу қойылу арқылы су басқа арнаға аға

³ Науа – лоток

жөнеледі де негізгі диірменге су ақпай тоқтап, басқа арна арқылы етектегі өзенге құйылады. Судиірменді тоқтату үшін алдын-ала, яғни 10-15 минут бұрын суды бөгеу арқылы запас арнаға жіберу керек екен. Ағын су сарқылған кезде ғана судиірмен айналмай тоқтайды. Осы аралықта тағы да астауға⁴ бидай салу сияқты т.б. жұмыстарды атқарып алатын болған. Айта кетер жайт, астауға бір жолда 3 қап бидай сиятын. Осыны уатып, үн етуге 3 сағаттай уақыт кететін. Бір айда 12-13 тонна үн шығарып тұрған екен. 10 қап бидай жарты тонна мөлшерінде, яғни 20 қап бидай – 1 тонна деп есептелген. Басқа колхоз-

дан келген дәнді тартып берген ақысы ретінде 10 қаптан 1 қап төленетін. Судиірменнің сызбалары салынды және жалпы фотолары түгелдей түсіріліп, фиксация жасалынған (АЭМ).

Археологиялық материал бойынша диірмен қазақтың барлық жерінен табылған. Қазақтарда «диірмен және тасты өткірлейтін құралдарды» жасау мен оны сатудың қалыптасқан жолына назар аударатын болсақ ол дәстүрдің ежелден келе жатқанын аңғаруға болады. М.К.Қадырбаев кезінде тасмола тұрғындарының мәдениетінде тасты өндеудің жоғары деңгейде болғанын атап өтеді (Қадырбаев..., 1966: 303).



3-сурет – Судиірменнің үстіңгі тасы және тастың үстіне орналасқан астық науасы (2024 жылы шілдеде автор түсірген)

Осы диірмен тасы тәрізділер кейінгі этнографиялық кезеңде де Қазақстан жерінде көп таралғандығымен ерекшеленеді (Бейсенов А.З..., 2017: 28). Красовский келтіретін мәліметтерге қарағанда, тас диірмендер мен тас қайрақ қазақ арасында пайдалы іс болып және едәуір тиімді табыс табатын кәсіпке айналғанын айтады. Яғни, 1861 жылғы дерек бойынша жалпы сомасы 220 рубль болатын барлығы 2508 дана «диірмен мен қайрақ тасты» Петропавловск, Пресногорьковск, Омск және Коряковск кеден бекеттеріне қарай алып кеткені айтылады. Тасты «әрбір округте болатын тауы бар жерден алынғаны» мәлім. Алайда, өлкеде «диірмен тасы мен қайрақ жасайтын жерлердің көп болуына қарамастан»,

өндеп-дайындауға және кеденге жақын, тасымалдауға қолайлы жерлер тандалғаны айтылады (Материалы..., 1868: 284-285).

Археологиялық деректерде салыстырмалы материалдар келтірген болсақ, халық әдебиетінде, фольклорда кезігетін кейбір үлгілерін төменде келтірдік:

Диірменге байланысты эпос үзіндісі, мақалдар мен жұмбақтар:

Құрбым-ау, серттеселік, серттеселік,
Сақтаса серттен Құдай, ептеселік.
Көңілің, сірә, бізде болса егер,
Тасындай диірменнің беттеселік

Мақал-мәтелдер:

Бидайдың барар жері диірмен
Күштінің арты диірмен тартады
Диірменнің тасындай дөңгеленген дүние

⁴ Астау – қорыта



4-сурет – Қабақшы 3 «мұртты» қорғандарынан табылған диірмендер.

1, 2 – үстіңгі тас (еркек), 3,4 – астыңғы тас (ұрғашы).
Фото Бейсенов А.З., Шульга П.И., Ломан В.Г. Поселения сакской эпохи... еңбегінен алынды.

Жұмбақтар:

Қайнап жатқан тас көрдім, түзсыз піскен ас көрдім.

Қараңғы үйде қабан күркіреді -т.б. (Қазақ әдебиеті тарихы... 2007: 580-610)

Диірмен – ашкөздік, тоқмейілсу, сараңдық сияқты жағымсыз қылықпен қатар жомарттықтың да белгісі саналған. Халықтың осы тәжірибесін атақты сатирик-жазушы Оспанхан Әубәкіров «Диірмен иесі» әңгімесіне арқау еткен (Әубәкіров О. 1989: 53-55).

Дәстүрлі диірменнің жұмыс принципі – бір-біріне беттескен екі тастың арасына салынған дақылдың тас айналған кезінде уатылып, үгілуіне негізделген. Тастардың салмағына, үлкендігіне қарай алынатын өнім әр түрлі болады. Диірменнің құрылымы қандай болса да жұмыс істеуде үстіңгісі – **«еркек тас»** деп аталады. Екі тасты ара-тұра тісеп тұрады. Диірмен тасының жасалу техникасы қарапайым болғанмен ауыр еңбекті, аса ыждағаттықты қажет етеді. Диірмен жасау үшін тез желініп, үгітіліп қиыршық тастарға бөлшектенбейтін тастар тандап алынады. Тастардың бірін **«ұрғашы тасқа»** арнап, көлемділеу етіп, дөңгеленте қиып алып, беткі жағын тегістеп, дәл ортасын қашап қояды. Осы ойыққа үстіңгі тасты ұстап тұратын кіндік темір (жұмыр темір) тігінен қойылып бекітіліп, қозғалмауы

үшін ағаш сына қағылады. Астыңғы тасқа қарағанда кішірек көлемде дөңгеленте қиылатын еркек тастың да астыңғы тасқа беттесетін жағы тегістеліп, дәл ортасы қашалып ойылады, бірақ мұның ойығы кеңірек болады. Ұрғашы тас үстіне, тігінен тұрған кіндік темірге еркек тастың тегістелген бетін ойығынан өткізіп, тастарды бір-бірімен беттестіріп қояды. Үстіңгі еркек тастың кең ойылған ойығы тастың (үстіңгі) кіндік темірді еркін айналуын қамтамасыз етеді және осы ойық арқылы диірменге тартылатын дәнді дақылдар салынып тұрады. Ендігі кезекте еркек тастың үстіңгі бетінен, жиек тұсынан алынып-салынатын ағаш немесе темір тұтқа қойылатын тағы бір ойық ойылады. Осы кертіле ойылған ойыққа тұтқа қойылып, диірменді сол арқылы жүргізеді. Тұтқаны оң қолымен ұстап, диірмен тасын сағат тіліне қарсы бағытта айналдырады. Ескере кететін жайт – зерттеу объектісі болып отырған судиірменде астыңғы тас айналады. Ал қолдиірменде үстіңгі тас айналады (Қазақтың этнографиялық... 2011: Т.1. 638).

Диірменге астық дақылдарының дәнін шикілей тартып жарма, ұн, қуырылған дәнін тартып талқан дайындаған. Диірменнен шыққан өнімді елеп, дәннің толық жарылмаған ірілері мен кебегін малға жем ретінде берген. Ертеде түз және бояу үшін қолданылатын жоса да диірменде тартылып ұнтақталған, одан қалған төменгі сапалы кебегін малға жем ретінде пайдаланған.

Халық тұрмысындағы осындай маңызды қызметіне байланысты ол құт-береке, ырыстың белгісі болып саналып, жеті қазынаның біріне жатқызылған. Сондықтан оны байырғы кезде халық арасында **«тас шешей»** деп атаған. Кейінгі замандарда диірмен тасын айналдыратын қуат көздерінің игерілуіне байланысты жел диірмен, су диірмен, бу диірмен, от диірмен тәрізді диірмен түрлері пайда болды. Дегенмен, соңғы уақыттарға дейін ел ішінде атамзаманнан келе жатқан тәсілмен жасалған, құрылысы қарапайым, қолмен айландырып жем, талқан тартатын диірмендер қолданылып келді. Соған орай мұндай диірмендерді кейін шыққан диірмендерден ажырату үшін қол диірмен, тас диірмен, желдиірмен, судиірмен деп атады (Қазақтың этнографиялық... 2011: Т.1. 638).

Су ағысының күшімен жұмыс істейтін диірмен – ағысы қатты өзен бойына салынған. Өзеннің екпінімен аққан суы науаға құйылып, науа түбіндегі ағаш пәрені (қалақты) айналдырады. Сол арқылы диірмен тасы қозғалысқа түседі (АЭМ).

Тартылатын бидай диірмен тасына шанақ арқылы құйылып тұрады. Шанақтың түбінде дәнді мөлшерлеп жіберіп тұратын кішкентай ағаш құрылғы болады. Оны «шақалақ» дейді. Диірменші еңбегіне төленетін ақының мөлшері шамамен бір қаптан бір қалақ үн болған. Осындай диірменші ақысын «қалда» деп атаған (Қазақтың этнографиялық.... 2011: Т.1. 639)

Жел және су күшімен жұмыс істейтін диірмендер Х ғ. шамасында пайда болған. Қаншама ғасырлардан бері қызмет етіп келе жатқан су диірмендер, әсіресе, XIX ғ. екінші жартысынан бергі уақытта егіншіліктің дамуына байланысты қазақ жерінде кең тарала бастады. Мұндай диірмендер тәулігіне жарты тоннаға дейін үн тартқан. Сондай диірмендердің бірі, мәселен, Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Сайрамсу өзенінде 1880 жылдар шамасында жасалған су диірмен 1970 жылдарға дейін жұмыс істеп келген. Қазіргі кез-

де Түркістан облысының Сайрам ауданының Көксарай ауылында сақталған судиірмен де бар (<https://www.facebook.com...>).

Ерекшелігі. Білетініміздей ағын судың күшін пайдалану арқылы судиірмен іске қосылып, оның шығыры⁵ негізінен тігінен (горизонталь) орналасатын. Яғни, ғылыми әдебиеттер мен фотографияларда кездесетін судиірмен шығыры тігінен айналатын. Сондай-ақ, өзен суы қасына су ағысын пайдаланатын су қоймасы, оның үстіне судиірмен салынатын еді. Осы мақалаға өзек болып отырған судиірмен шығыры – көлденеңінен айналатынымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, ағыс қатты келуі үшін жоғарыдан 1 км жерден тау жағалай келетін арық қазылып, оның суы 2,5 төмен орналасқан 15 м қашықтықтағы диірменге күшті ағыспен арнайы науа арқылы ағады. Қазір судиірменге су келіп тұрған жоқ. Өйткені негізгі өзеннен бөлінетін арық басына бөгеу қойылған.



5-сурет – Судиірменнен 2,5 м биіктікте көлбеу орналасқан науа және оңтүстік жақтан қарағандағы ағып шығатын суға арналған тағандағы арнайы ойық (2024 жылы шілдеде автор түсірген)

Ағын судың екпіні электр энергиясын қалыптастыруда пайдаланылады. Ол гидроэлектр станциясы (ГЭС) деп аталады. Мәселен, Алматы облысының Қапшағай су қоймасымен қатар осындай мақсатта пайдалану үшін Шүлбі, Бұқтырма, Өскемен және т.б. ұсақ ГЭС-тері салынған. Осы станциялар Ертіс пен Іле өзендерінің суын пайдалану арқылы еліміз тұтына-

тын электр қуатының едәуір бөлігін қамтамасыз етуде. Алғашқы су қоймасы мен өзен ағысын пайдаланған станциялар 1892 жылдан басталып, 1920 жылмен жалғасып, 2015 жылы соңғы ГЭС салынған екен (АЭМ).

⁵ Шығыр – шкив, лебедка, ролик

Қорытынды

Табиғаттың берген сыйын пайдаланған судиірменді зерттеу арқылы көненің тағы бір артықшылығын, яғни халықтық тәжірибенің жетістігін оқырмандарға жеткізе алдық деп есептейміз. Нарынқол ауданының Сарыжаз ауылдық округіне қарайтын Көмірші ауылында орналасқан судиірменнің әлі де жұмыс істетуге болатынын ескерген жөн. Өйткені, механизмді іске қосатын барлық қажетті дүниелердің сақталу жағдайының деңгейі жақсы сақталған.

Судиірменге барар жолға және оның өзіне жөндеу жұмыстарын жүргізу арқылы саяхатшы-туристерді қызықтырып тартса, еліміздегі ішкі туризмді дамытуға үлес қосатыны сөзсіз. Ол үшін күрежол бойындағы Сарыжаз ауылынан Көмірші ауылына бұрылар жерге жол сілтейтін жарнама қою, Көмірші ауылынан судиірменге баратын жолды реттеу, сілтеме қою, мүмкіндік болса диірмен маңында бірнеше үй салу сияқты т.б. шаруаларды атқару мүмкіндігі бар. Оған қоса сай ішімен судиірменнен жоғары кеткенде сарқырама бар екенін атай кету керек. Осындай көркем табиғатты насихаттап, жарнамалау – жергілікті халықтың табыс табуына да өзі ықпалын тигізеді деп есептейміз. Мәселен, мініс атын жалға беру – жаз айларында таптырмас пайда көзі болар еді. Таудағы әсем табиғат, сай іші, орман арасы, су жағасындағы аталмыш судиірмен әлі қалпында. Алматыдан 290 км қашықтықта орналасқан осы өңірде туризмді дамыту ісі қолға алынуы керек-ақ. Осы аталғандарды жүзеге асыру үшін қомақты көлемдегі қаржы керек екені бесенеден белгілі.

Өңірдегі тарихи ескерткіштерді, атап айтқанда ежелгі қоныстар мен зираттар, қорғандар

тәрізді әр заманның қоныс-мекендері мен жерлеу орындары анықталды. ҚР Орталық музейінің археология бөлімінің қызметкерлері және Көмірші ауылынан жалға алынған жұмысшылар бірлесіп қазба жұмысын жүргізді. Қаржы «Кеген алқабының археологиялық және этнографиялық ескерткіштері: топографиялық, мәдени-хронологиялық аспектілері және музейлендіру мәселесі» гранттық Жобасы (AR23489461) аясында игерілді. Сондай-ақ, Көмірші ауылы Нарынқол ауданының Сарыжаз ауылдық округінің орталығында орналасқан ауылдық әкімшілікке қарайтындықтан экспедиция жетекшісі Нәбира Төрежановамен бірге әкімшілікке бару сияқты т.б. жұмыстарға да қолғабыс жасай жүріп, осы мақала дүниеге келгенін айтқан ләзім.

Қысқарған сөз:

АЭМ – автордың этнографиялық материалдары

Информаторлар:

Қанапиянов Өметхан. 1945 ж.т. Руы: Албан-Қазмәмбет-Жолдыбек. Көмірші ауылы;

Мұқашев Серік. 1961 ж.т. Руы: Албан-Қо-жамбет-Жарты. Көмірші ауылы

Ықпал еткен жай және ризашылық:

Зерттеу жұмысы «Кеген алқабының археологиялық және этнографиялық ескерткіштері: топографиялық, мәдени-хронологиялық аспектілері және музейлендіру мәселесі» гранттық Жобасы (AR23489461) аясында атқарылды.

Әдебиеттер

- Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Тарих ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертация қолжазбасы. Алматы, 1994. 194;
- Бейсенов А.З., Шульга П.И., Ломан В.Г. Поселения сакской эпохи. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2017. -208;
- Бекназаров Р.А. Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. Алматы: ОП, 2005. 90-98 бб. (-160 б.);
- Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генштаба. Часть 1. Область Сибирских киргизов. Составил подполковник Красовский. Санкт-Петербург, 1868. 264 стр;
- Молодин В. И., Бородавский А. П. Каменные ручные жернова в древней погребальной обрядности Западной Сибири // Altaica. Новосибирск, 1994. Вып. 4. С. 72–79;
- Кадырбаев М. К. Памятники тасмолинской культуры // Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1966. С. 303-433. (-433 с);
- Кармышева Дж. Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды верования и культы народов Средней Азии. М.: Наука, 1986, 31-46 стр;
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – (иллюстрацияланған). Т.1. А-Д. 637-638 бб. (-736);

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. 4-том. – Б – Д. 689-б, (-752 бет.);

Хлудов Н.Г. Шығармалар каталогы: кескіндеме және графика (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Алматы: Эффект, 2003, с 738;

Каримолданова М., Әкімбек Г., Алияров Б., Жауыт, А., Қунаков, Г. «Силы, действующие при измелении твердого материала в шаровой барабанной мельнице и их влияние на корпус мельницы» Вестник КазАТК Том 135, № 6 (2024). Стр. 439–449;

Богданов В.С. Механика дробящей среды в шаровых мельницах с продольно-поперечным движением мелющих тел// Вестник БГТУ им. В.Г. Шухова, №8, 2018. 117-125 стр;

Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций. -Алматы: издательство «Эверо», 2016. с 440;

Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклорының тарихы. 1-том. Алматы. ҚАЗАқпарат, 2007. – 671 бет;

Әубәкіров О. Қайда безіп барасың. Әңгімелер. Алматы. Жазушы. 1989. – 254 б.

References

Altaev B.A. (1994) Traditions and customs of the Kazakhs of South Kazakhstan related to agriculture. Manuscript of the dissertation submitted for the degree of candidate of historical sciences. Almaty, 98-p (kazakh);

Beisenov A.Z., Shulga P.I., Loman V.G. (2017) Settlements of the Saka epoch. Monograph. Almaty: NICIA “Begazy-Tasmola” p. 208 (russian);

Beknazarov R.A. (2005) Traditional Kazakh stone carving art. Almaty: OP. 90-98 pp. p160 (kazakh);

Materials for geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff. (1868) Part 1. The region of the Siberian Kirghiz. Compiled by Lieutenant Colonel Krasovsky. St. Petersburg, pp. 284-2857 (in russian);

Molodin V. I., Borodovsky A. P. (1994) Stone hand millstones in the ancient funeral rites of Western Siberia // Altaica. Novosibirsk, Vol. 4. C. 72-79, (in russian);

Kadyrbaev M. K. (1966) Monuments of Tasmola culture // Margulan A. H., Akishev K. A., Kadyrbaev M. K., Orazbayev A. A. M. Ancient Culture of Central Kazakhstan. Alma-Ata: Nauka, C. 303-433. C. 4336 (in russian);

Karmysheva J. (1986) Farming rituals of Kazakhs // Ancient rites, beliefs and cults of the peoples of Central Asia. M.: Nauka, 115-120 p. (in russian);

Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. (2011) Encyclopedia. – Almaty: DPS, – (illustrated). T.1. A-D. pp. (637-638). p.736;

Dictionary of the Kazakh literary language. (2011) Fifteen volumes. Volume 4 / Compiled by: N. Ashimbaeva, K. Rysbergenova, Zh. Mankeeva and others. – Almaty, Volume 4. – Б – Д. p.752 (in kazakh);

Khudov N.G. (2003) Catalog of works: painting and graphics (in Kazakh, Russian, English). Almaty: Effect, p.738 (in kazakh);

Karimoldanova M., Akimbek G., Aliyarov B., Zhauyt A., Kunakov G. “Forces Acting During Grinding of Solid Material in a Ball Drum Mill and Their Effect on the Mill Body” Vestnik KazATK Vol. 135, No. 6 (2024). pp. 439–449. (russian);

Bogdanov V.S. Mechanics of Crushing Media in Ball Mills with Longitudinal-Transverse Movement of Grinding Media // Vestnik of BSTU named after V.G. Shukhov, No. 8, 2018. (russian);

Turgaraeva G.M. History of Kazakhstan. Textbook: Lecture Course. Almaty: Evero Publishing House, 2016. P. 440. (russian);

History of Kazakh literature. History of Kazakh folklore. Volume 1. Almaty. Qazaqparat, 2007. P. 671. (russian);

Aubakirov, O. Where are you running to? Stories. Almaty: Jazushi, 1989. – 254 p. (kazakh)

Автор туралы мәлімет:

Досымбек Катран – Нұр-Мұбарак ислам мәдениеті университетінің ассоц. профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты (E-mail: k.dosymbek@gmail.com)

Information about the author:

Dosymbek Khatran – Associate Professor at Nur-Mubarak University of Islamic Culture, candidate of historical sciences (E-mail: k.dosymbek@gmail.com)

Сведения об авторе:

Досымбек Катран – ассоциированный профессор Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, кандидат исторических наук (e-mail: k.dosymbek@gmail.com).

Келін түсті: 22.06.2025

Қабылданды: 25.11.2025